Зерттеудің ғылыми жаңалығы 2021–2025 жылдардағы ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының ресми деректері негізінде Қазақстандағы инвестициялық үдерістердің еңбек нарығына ықпалын кешенді бағалаумен айқындалады. Мақалада инвестициялар серпіні мен еңбек нарығы көрсеткіштерінің динамикасы салыстырылып қана қоймай, жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты эластикалылығы есептелді. Соның негізінде инвестициялық өсімнің еңбек нарығына әсері шектеулі әрі құрылымдық тұрғыдан теңгерімсіз екені, ал инвестициялық саясаттың тиімділігі капитал көлемімен ғана емес, оның әлеуметтік-еңбек қайтарымымен де бағалануы тиіс екені негізделді.

Әдебиетке шолу. Инвестициялық үдерістер мен еңбек нарығының өзара байланысын түсіндіруде шетелдік экономистердің еңбектері теориялық және эмпирикалық тұрғыдан ерекше маңызға ие. Аталған бағыттағы ең ықпалды зерттеушілердің бірі Д. Асемоглу болып табылады. Д. Асемоглу мен П. Рестрепоның еңбегінде автоматтандыру мен жаңа өндірістік міндеттердің еңбекке сұранысқа ықпалы талданады. Авторлар автоматтандырудың еңбек бұрын атқарған функцияларды капиталмен алмастыру арқылы еңбек үлесін төмендететінін, ал жаңа міндеттер мен жаңа қызмет түрлерінің пайда болуы, керісінше, еңбекке сұраныс пен еңбек үлесін арттыратынын дәлелдейді. Олардың тұжырымы бойынша, технологиялық және инвестициялық жаңғырту өздігінен жұмыспен қамтуды өсірмейді. Егер инвестициялар тек еңбек үнемдеуші сипатта болса, онда олар жұмыспен қамту өсімін әлсіретуі мүмкін. Сондықтан инвестициялардың еңбек нарығына оң әсері олардың жаңа жұмыс функцияларын, жаңа дағдыларды және адами капиталды қажет ететін өндірістік құрылымды қалыптастыру қабілетіне тәуелді. Бұл тұжырым Қазақстан үшін де маңызды, өйткені елде инвестициялардың басым бөлігі капитал сыйымдылығы жоғары салаларға бағытталған жағдайда еңбек нарығының сапалық жаңаруы шектелуі мүмкін (Acemoglu and Restrepo, 2019).

Осы мәселеге жақын көзқарасты Д. Аутор ұсынады. Оның зерттеуінде автоматтандыру еңбек ресурстарын толықтай ығыстырмайтыны, керісінше, кейбір қызмет түрлерін алмастыра отырып, басқа еңбек функцияларын толықтыратыны көрсетілген. Автор технологиялық өзгерістердің еңбек өнімділігін арттыратынын және табыстарды өсіретінін, бірақ сонымен қатар еңбек нарығында поляризация тудыруы мүмкін екенін атап өтеді. Яғни инвестициялар мен технологиялар жоғары және төмен біліктілікті жұмыс орындарын сақтап немесе кеңейтіп, орта буындағы кәсіптерді қысқартуға

бейім болуы ықтимал. Қазақстан үшін бұл қорытынды өте өзекті, себебі инвестициялық саясат еңбек нарығын жай ғана кеңейтуге емес, кәсіби құрылымның теңгерімді дамуына, орта біліктілікті кадрларды қайта даярлауға және салалық құрылымдық бейімделуге бағытталуы тиіс (Autor, 2019).

Инвестициялар мен еңбекке сұраныс арасындағы нақты эмпирикалық байланысты Э. М. Кертис, Д. Г. Гарретт, Э. Орн, К. А. Робертс және Х. К. Суарес Серрато зерттеген. Олардың еңбегінде капитал құнын төмендететін салықтық ынталандырулар өндірістік кәсіпорындарда инвестицияны да, жұмыспен қамтуды да арттырғаны көрсетілген. Сонымен қатар бұл өсім жалақы мен өнімділіктің автоматты түрде жоғарылауына алып келмеген. Зерттеушілер капитал мен өндірістік еңбек заманауи өндірісте бірін-бірі толықтыратын факторлар екенін дәлелдейді. Осыдан шығатын негізгі қорытынды: инвестициялық саясат еңбек нарығына оң әсер етуі үшін капитал салымдары оқшау емес, өндірістік кеңеюді, жаңа кәсіпорындардың дамуын және еңбекпен толықтырылатын технологияларды қолдауы қажет. Қазақстан жағдайында бұл әсіресе өңдеу өнеркәсібі, логистика, агроөңдеу және инфрақұрылым салалары үшін маңызды (Curtis et al., 2021).

Қазақстандық зерттеушілер арасында бұл тақырыпқа жақын әрі мазмұнды зерттеулердің бірі Н. А. Курманов, Г. Қ. Қабдуллина және Ж. Ж. Әлиеваның еңбегі болып табылады. Авторлар Қазақстан өңірлерінің еңбек нарығының цифрлық экономика жағдайындағы өзгерістерін талдай отырып, еңбек нарығының трансформациясына ең күшті әсер ететін факторлар ретінде адами капитал мен кәсіпкерлік белсенділікті анықтайды. Зерттеу нәтижесінде студенттер үлесінің халық санындағы 1%-ға артуы ІТ саласындағы жұмыспен қамтылғандар үлесін 0,15%-ға өсіретіні, ал шағын кәсіпорындар санының артуы жаңа секторлардағы жұмыспен қамтуды көбейтетіні көрсетілген. Сонымен бірге ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның өзі жеке дара шешуші фактор емес екені, оны адами капиталды дамыту және цифрлық кәсіпкерлікті қолдау шараларымен ұштастыру қажеттігі дәлелденген. Бұл Қазақстан үшін инвестициялардың ең тиімді бағыты цифрлық инфрақұрылымға ғана емес, сонымен бірге білімге, дағдыға және шағын бизнеске қатар инвестиция салу екенін көрсетеді (Kurmanov et al., 2023).

А.А. Киреева және әріптестерінің еңбегі инвестициялар, еңбек ресурстары және өндіріс көлемі арасындағы байланысты өңірлік деңгейде қарастыруымен құнды. Авторлар Қазақстан мен Өзбекстанның шекаралас аумақтары бойынша панельдік регрессия негізінде капитал мен еңбек серпінінің экономикалық өсімге ықпалын зерттеген. Нәтижесінде кейбір аумақтарда капитал серпімділігі жоғары болса, кейбір өңірлерде еңбек факторы шешуші рөл атқаратыны анықталған. Осыған байланысты авторлар капитал басым өңірлерде инфрақұрылым мен технологияға инвестицияны күшейтуді, ал еңбек факторы маңызды аумақтарда білім беру, кәсіби даярлау және еңбек нарығы жағдайларын жақсартуды ұсынады. Бұл тұжырым Қазақстан үшін аса маңызды, өйткені елдің барлық өңіріне бірдей инвестициялық модель

қолдану тиімсіз. Керісінше, өңірлік ерекшеліктерге негізделген сараланған инвестициялық саясат еңбек нарығының тиімділігін арттыра алады.

А. Киреева бастаған тағы бір зерттеуде Қазақстандағы жоғары білімге және инновациялық инфрақұрылымға салынатын инвестициялар мен түлектердің жұмыспен қамтылуы арасындағы байланыс бағаланған. Авторлар негізгі капиталға жан басына шаққандағы инвестициялар өңірлік жалпы өнім деңгейімен оң және статистикалық мәнді байланысты екенін көрсетеді. Сонымен бірге жоғары білім индексі мен урбандалу деңгейінің әсері өңірлік айырмашылықтарға тәуелді екені, ал инновациялық белсенділік барлық жағдайда бірдей нәтиже бермейтіні анықталған. Бұл қорытынды Қазақстан үшін бір маңызды мәселені ашып көрсетеді: адами капиталға инвестициялардың қайтарымы тек қаржы көлеміне емес, институционалдық ортаға, өңірлік еңбек нарығының сыйымдылығына және сұраныс құрылымына байланысты. Демек, білім беру саласына салынатын инвестициялар еңбек нарығы сұранысымен байланыстырылмаған жағдайда олардың экономикалық тиімділігі төмендеуі мүмкін (Kireyeva et al., 2026).

З. Сатпаева және әріптестерінің зерттеуі еңбек нарығына инвестициялардың жанама, бірақ маңызды арнасын, яғни адами капитал мен университеттік инновациялық ортаны ашады. Авторлар Қазақстандағы түлектердің жұмыспен қамтылуына әсер ететін факторларды талдай келе, негізгі оң факторлар ретінде практикалық тәжірибені, мамандық бойынша бос жұмыс орындарының болуын, әлеуметтік байланыстарды, сондай-ақ университеттегі технология, зерттеу және инновациялардың дамуын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері цифрлық платформалар, аналитикалық мансаптық сервистер, ұзақ мерзімді тағылымдамалар, дуальды білім беру және кәсіпкерлік инфрақұрылым түлектердің еңбек нарығына бейімделуін күшейтетінін айқындайды. Бұл Қазақстан экономикасы үшін инвестициялардың ең табысты бағыты тек физикалық капитал емес, сонымен бірге еңбек нарығына тікелей шығатын білім беру-инновациялық экожүйені қаржыландыру екенін дәлелдейді (Satpayeva et al., 2024).

Шетелдік және қазақстандық зерттеушілердің еңбектерін салыстырмалы түрде қорытындылай келе, инвестициялық үдерістердің еңбек нарығына әсері біржақты емес екенін байқауға болады. Егер инвестициялар тек автоматтандыруды күшейтіп, капиталды шоғырландыруға бағытталса, онда еңбекке сұраныс төмендеуі немесе оның құрылымы теңгерімсіз өзгеруі мүмкін. Ал егер инвестициялар жаңа өндірістік міндеттерді, технологиялық жаңаруды, кәсіпкерлікті, адами капиталды, инфрақұрылымды және өңірлік еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып бөлінсе, онда олардың жұмыспен қамтуға, еңбек өнімділігіне және табыс сапасына әсері анағұрлым жоғары болады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан экономикасы үшін ең тиімді бағыт шикізаттық және капитал сыйымдылығы жоғары салаларға ғана емес, өңдеу өнеркәсібіне, цифрлық экономикаға, шағын және орта бизнеске, кәсіптік білім беруге, аймақтық инфрақұрылымға және инновациялық жұмыспен

қамтуға бағытталған теңгерімді инвестициялық саясат қалыптастыру болып табылады.

Материалдар мен негізгі әдістер. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасындағы инвестициялық үдерістер мен еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты бағалауға бағытталды. Зерттеудің әдіснамалық негізін статистикалық, салыстырмалы, құрылымдық, динамикалық және аналитикалық талдау әдістері құрады. Мұндай тәсіл инвестициялық үдерістердің еңбек нарығына ықпалын көрсеткіштердің уақыт бойынша өзгерісі арқылы ғана емес, олардың сандық өзара байланысы тұрғысынан да қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми деректері құрады. Талдау барысында 2021–2025 жылдар аралығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, инвестициялардың нақты көлем индексі, олардың салалық және қаржыландыру құрылымы, жұмыспен қамтылған халық саны, жұмыссыздық деңгейі, жалдамалы жұмыскерлер саны, орташа айлық атаулы жалақы және нақты жалақы индексі пайдаланылды. Зерттеу кезеңін бес жылдық аралықта қарастыру инвестициялық серпін мен еңбек нарығы көрсеткіштерінің өзгерісін салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің бірінші кезеңінде инвестициялық үдерістердің жалпы динамикасы талданды. Бұл кезеңде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің жылдар бойынша өзгерісі, нақты көлем индексінің серпіні және инвестициялардың қарқындылығы қарастырылды. Мұндай талдау инвестициялық белсенділіктің макроэкономикалық деңгейдегі бағытын анықтауға негіз болды.

Екінші кезеңде еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері жүйеленді. Атап айтқанда, жұмыспен қамтылған халық саны, жұмыспен қамту деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, жалдамалы жұмыскерлер саны, орташа айлық атаулы жалақы және нақты жалақы индексі талданды. Бұл көрсеткіштер еңбек нарығының сандық жағдайын ғана емес, оның сапалық жай-күйін де бағалауға мүмкіндік берді.

Үшінші кезеңде инвестициялық үдерістер мен еңбек нарығы көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты бағалау үшін салыстырмалы-аналитикалық тәсіл қолданылды. Осы мақсатта негізгі көрсеткіштердің өсу қарқындары есептеліп, инвестициялар серпіні мен еңбек нарығы индикаторларының өзгерістері өзара салыстырылды. Мұндай салыстыру инвестициялардың еңбек нарығына ықпалының бағытын және салыстырмалы күшін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің аналитикалық бөлігін күшейту үшін жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты икемділігі, яғни эластикалық коэффициенті есептелді. Бұл көрсеткіш төмендегі формула бойынша анықталды:

$$E = \Delta Y / \Delta X, \quad (1)$$

мұнда E - эластичалылық коэффициенті; ΔY - еңбек нарығы көрсеткішінің пайыздық өзгерісі; ΔX - инвестициялар көлемінің пайыздық өзгерісі.

Аталған тәсіл инвестициялар көлемінің өзгеруі жұмыспен қамту серпініне қаншалықты сәйкес келетінін сандық түрде бағалауға мүмкіндік береді. Егер эластичалылық коэффициенті 1-ден төмен болса, бұл еңбек нарығының инвестициялық өсімге әлсіз жауап беретінін білдіреді. Ал коэффициенттің өте төмен болуы инвестициялардың еңбек сыйымдылығы төмен секторларда шоғырланғанын көрсетуі мүмкін.

Сонымен қатар зерттеуде инвестициялар мен еңбек нарығы көрсеткіштері арасындағы байланысты бағалау үшін құрылымдық талдау әдісі пайдаланылды. Оның көмегімен инвестициялардың салалық бағытталуы, атап айтқанда өнеркәсіпке, көлік және қоймалауға, жылжымайтын мүлік операцияларына, білім беруге, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтерге бөліну ерекшеліктері қарастырылды. Бұл талдау инвестициялардың қай салаларға шоғырланғанын және олардың жұмыспен қамтуға ықпал ету әлеуетін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеуде корреляциялық талдау толық эконометрикалық модель ретінде емес, қосымша түсіндірмелік тәсіл ретінде қарастырылды. Өйткені 2021–2025 жылдар аралығындағы уақыттық қатардың шектеулі болуы себеп-салдарлық тәуелділікті қатаң статистикалық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты зерттеу нәтижелері инвестициялар мен еңбек нарығы арасындағы өзара байланыс бағытын, серпіндердің сәйкестігін және ықтимал ықпал деңгейін бағалауға бағытталды.

Осылайша, қолданылған әдіснама инвестициялық үдерістердің Қазақстан Республикасының еңбек нарығына ықпалын сипаттаумен ғана шектелмей, олардың арасындағы сандық өзара байланысты бағалауға негізделді. Зерттеудің ерекшелігі инвестициялық өсімнің еңбек нарығына әсерін жұмыспен қамту серпіні, жұмыссыздықтың өзгерісі, жалақы динамикасы және инвестициялардың құрылымдық бағытталуы арқылы кешенді түрде қарастыруынан көрінеді.

Нәтижелер. 2021–2025 жылдары Қазақстан Республикасында инвестициялық белсенділік тұрақты әрі жоғары қарқынмен өсті. Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне сәйкес, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2021 жылғы 13 242,2 млрд теңгеден 2025 жылы 22 730,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Осылайша, бес жыл ішінде инвестициялар көлемі 71,7%-ға артты. Инвестициялардың нақты көлем индексі де оң динамика көрсетті: 2021 жылы — 103,7%, 2022 жылы — 107,9%, 2023 жылы — 111,2%, 2024 жылы — 108,0%, 2025 жылы — 113,0%. Бұл инвестициялық белсенділіктің атаулы мәнде ғана емес, нақты көлемде де кеңейгенін дәлелдейді. Сонымен қатар зерттеліп отырған кезеңде инвестициялардың қарқындылығы біркелкі болмағанымен, жалпы тренд үдемелі сипатқа ие

болды (ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы, 2022; ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы, 2023а; ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы, 2024а; ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы, 2025а; ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы, 2026а).

Сонымен бірге еңбек нарығы көрсеткіштері инвестициялармен салыстырғанда әлдеқайда баяу өзгерді. Жұмыспен қамтылған халық саны 2021 жылғы 8 807,1 мың адамнан 2025 жылы 9 320,6 мың адамға дейін өсті. Жалпы өсім 5,6%-ды құрады. Жұмыссыздық деңгейі осы кезеңде 4,9%-дан 4,6%-ға дейін төмендеді, яғни өзгеріс небәрі 0,3 пайыздық тармақты құрады. Бұл инвестициялық серпіннің еңбек нарығына оң ықпалы болғанымен, оның ауқымы шектеулі екенін көрсетеді.

Орташа айлық атаулы жалақының динамикасы да оң сипатта болды. 2021 жылы оның мөлшері 250 311 теңгені құраса, 2024 жылы 405 416 теңгеге дейін жетті. Бұл 2021–2024 жылдары атаулы жалақының 62,0%-ға артқанын білдіреді. Алайда 2025 жылғы IV тоқсанда орташа айлық атаулы жалақы 473 158 теңге болғанымен, нақты жалақы индексі 96,8%-ды құрады. Демек, атаулы табыстардың өсуі нақты сатып алу қабілетінің артуымен толық сәйкес келмеген.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы инвестициялар мен еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы, 2021–2025 жылдар

Көрсеткіш	2021	2022	2023	2024	2025	2025/2021 өзгерісі
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млрд тг	13 242,2	15 064,4	17 649,3	19 461,3	22 730,6	+71,7%
Инвестициялардың нақты көлем индексі, %	103,7	107,9	111,2	108,0	113,0	—
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8 807,1	9 000,0	9 139,5	9 214,2	9 320,6	+5,6%
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,9	4,8	4,7	4,7	4,6	-0,3 т.п.
Орташа айлық атаулы жалақы, тг (жылдық)	250 311	309 697	364 295	405 416	—*	2024/2021: +62,0%
Орташа айлық атаулы жалақы, тг (IV тоқсан)	—	—	—	434 982	473 158	+8,8%**
Нақты жалақы индексі, %	—	107,6***	102,7	102,4	96,8**	—
*2025 жыл бойынша толық жылдық орташа жалақы бұл кестеде бірізді жылдық қатар ретінде берілмегендіктен, соңғы ресми IV тоқсан дерегі пайдаланылды.						
**2025 жылғы IV тоқсанның 2024 жылғы IV тоқсанға көрсеткіші.						
***2022 жылғы жылдық нақты өсім.						
Ескерту: БНС АСПиР РК ресми деректері негізінде автор құрастырған.						

1-кесте деректері инвестициялық өсім мен еңбек нарығы динамикасы арасында айқын асимметрия бар екенін көрсетеді. Егер 2021–2025 жылдары инвестициялар көлемі 71,7%-ға артса, жұмыспен қамту деңгейі небәрі 5,6%-ға ғана өскен. Ал жұмыссыздық деңгейі бар болғаны 0,3 пайыздық тармаққа төмендеген. Бұл инвестициялар экономикалық белсенділікті күшейткенімен,

олардың еңбек нарығына тікелей әрі күшті әсер етпегенін білдіреді. Сонымен қатар атаулы жалақының айтарлықтай өсуі байқалғанымен, нақты жалақы индексінің 2025 жылы 100%-дан төмен болуы инвестициялық серпіннің халықтың нақты табысына толық ықпал етпегенін көрсетеді. Осылайша, бастапқы нәтижелер Қазақстандағы инвестициялық өсімнің көбіне капитал сыйымдылығы жоғары сипатта болғанын аңғартады.

Инвестициялар мен еңбек нарығы арасындағы байланысты сандық тұрғыдан дәлірек бағалау үшін жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты эластикалылық коэффициенті есептелді. 2021–2025 жылдары негізгі капиталға салынған инвестициялар 71,7%-ға өссе, жұмыспен қамту 5,6%-ға ғана артты. Осыған сәйкес, жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты эластикалылығы 0,078-ді құрады. Бұл инвестициялар 1%-ға өскен жағдайда жұмыспен қамту көлемі орта есеппен небәрі 0,08%-ға өзгергенін көрсетеді. Мұндай нәтиже инвестициялық серпіннің еңбек нарығына берілу механизмі әлсіз екенін дәлелдейді.

Кесте 2 – Инвестициялар мен еңбек нарығы көрсеткіштерінің салыстырмалы өзгерісі және эластикалылық бағасы, 2021–2025 жылдар

Көрсеткіш	2021	2025	Өзгеріс, %	Аналитикалық бағалау
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млрд тг	13 242,2	22 730,6	+71,7	Инвестициялық белсенділік өте жоғары қарқынмен өсті
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8 807,1	9 320,6	+5,6	Жұмыспен қамту өсімі баяу болды
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,9	4,6	-6,1%*	Жұмыссыздықтың төмендеуі шектеулі болды
Орташа айлық атаулы жалақы, тг	250 311	405 416**	+62,0	Атаулы табыс айтарлықтай өсті
Жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты эластикалылығы	—	—	0,078	Инвестициялардың жұмыспен қамтуға ықпалы әлсіз
*Пайызбен салыстырмалы төмендеу; абсолюттік өзгеріс – 0,3 пайыздық тармақ. **2025 жылғы толық жылдық дерек бірізді болмағандықтан, 2024 жылғы жылдық дерек қолданылды. Ескерту: автордың БНС АСПиР РК ресми деректері негізіндегі есептеуі.				

2-кесте инвестициялық серпін мен еңбек нарығы арасындағы байланыстың сандық тұрғыдан әлсіз екенін көрсетеді. Жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты эластикалылығының 0,078 деңгейінде қалыптасуы инвестициялық өсімнің еңбек нарығына, әсіресе жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруға, әлсіз әсер ететінін білдіреді. Басқаша айтқанда, инвестициялар 1%-ға өскен жағдайда жұмыспен қамту шамамен 0,08%-ға ғана өзгереді. Бұл Қазақстан жағдайында инвестициялардың басым бөлігі еңбек сыйымдылығы төмен салаларда шоғырланғанын және олардың жұмыспен қамтуға мультипликативтік әсері шектеулі екенін дәлелдейді. Демек, инвестициялық

белсенділіктің жоғары болуы еңбек нарығының автоматты түрде кеңеюін қамтамасыз етпейді.

Инвестициялық өсімнің еңбек нарығына әлсіз берілуінің негізгі себептерінің бірі - олардың салалық құрылымы. 2024–2025 жылдары инвестициялардың басым бөлігі өнеркәсіпке, жылжымайтын мүлікпен операцияларға, сондай-ақ көлік және қоймалау салаларына бағытталды. Бұл секторлар экономикалық өсім үшін маңызды болғанымен, қысқа мерзімде салыстырмалы түрде аз жұмыс орнын қалыптастырады. Керісінше, еңбек сыйымдылығы жоғары салаларға салынған инвестициялар үлесі төмен деңгейде қалды.

Кесте 3 – Инвестициялардың құрылымы және олардың еңбек нарығына ықпалының экономикалық бағасы, 2024–2025 жылдар

Құрылымдық көрсеткіш	2024, %	2025, %	Экономикалық бағалау
Өнеркәсіпке салынған инвестициялар үлесі	39,7	39,8	Инвестициялар капиталсыйымды өндірістік секторларда шоғырланған
оның ішінде: тау-кен өндіру	18,9	14,1	Шикізаттық бағыттың үлесі жоғары күйінде сақталған
оның ішінде: өңдеу өнеркәсібі	10,7	12,3	Өңдеудің үлесі өскен, бұл салыстырмалы түрде оң үрдіс
Жылжымайтын мүлік операциялары	19,1	18,0	Инвестициялар активтік және мүліктік базаға бағытталған
Көлік және қоймалау	18,1	17,8	Инфрақұрылымдық әсері жоғары, жұмыспен қамтуға әсері жанама
Білім беру	5,7	5,6	Адами капиталға инвестиция бар, бірақ жеткіліксіз
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	4,7	5,1	Өңірлік жұмыспен қамту үшін маңызды, бірақ үлесі орташа
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	2,3	–	Әлеуметтік секторға инвестиция төмен
Тұру және тамақтану қызметтері	0,8	–	Туризм және қызмет көрсету салалары әлсіз қаржыландырылған
Меншікті қаражат үлесі	64,4	61,5	Негізгі жүк кәсіпорындардың өз қаржысына түседі
Мемлекеттік бюджет үлесі	21,2	21,9	Мемлекет маңызды инвестициялық тірек болып отыр
Банк кредиттері үлесі	3,8	4,5	Несиелік арнаның рөлі әлі де әлсіз
Ғимараттар мен құрылыстарға жұмсалған үлес	66,4	66,1	Негізгі басымдық – материалдық инфрақұрылым
Машина, жабдық және көлікке жұмсалған үлес	шамамен 30,0	29,4	Технологиялық жаңару бар, бірақ еңбек сұранысын автоматты өсірмейді

Ескерту: БНС АСПиР РК ресми деректері негізінде автор құрастырған.

3-кесте инвестициялар құрылымының еңбек нарығына не себепті шектеулі әсер еткенін айқын көрсетеді. Біріншіден, инвестициялар негізінен өнеркәсіп, көлік, жылжымайтын мүлік және құрылыс сияқты капитал сыйымдылығы жоғары секторларға шоғырланған. Мұндай салалар өндірістік қуаттарды кеңейтуге және инфрақұрылымды жақсартуға ықпал еткенімен, қысқа

мерзімде көп жұмыс орнын қалыптастырмайды.

Екіншіден, еңбек сыйымдылығы жоғары салалар, атап айтқанда білім беру, денсаулық сақтау, туризм және қызмет көрсету салалары, инвестициялық құрылымда салыстырмалы түрде төмен үлеске ие. Бұл жұмыспен қамтуды кең ауқымда ұлғайту мүмкіндігін әлсіретеді.

Үшіншіден, қаржыландырудың негізгі көзі ретінде меншікті қаражаттың басым болуы инвестициялық белсенділіктің көбіне ірі және қаржылық тұрақты кәсіпорындар шеңберінде шоғырланатынын көрсетеді. Мұндай жағдайда шағын және орта бизнес секторында жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру әлеуеті толық ашылмайды. Өңдеу өнеркәсібі үлесінің 2025 жылы 12,3%-ға дейін өсуі оң үрдіс болғанымен, бұл жалпы инвестициялық модельдің құрылымдық сипатын түбегейлі өзгерткен жоқ.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер 2021–2025 жылдары Қазақстан Республикасында инвестициялық белсенділік жоғары болғанымен, оның еңбек нарығына әсері шектеулі әрі құрылымдық тұрғыдан теңгерімсіз болғанын көрсетті. Инвестициялардың айтарлықтай өсуі жұмыспен қамтуды ішінара қолдап, формалды еңбек қатынастарының үлесін арттырғанымен, олардың жұмыспен қамтуға қатысты эластикалылығы өте төмен болды. Бұл инвестициялық саясаттың тиімділігі тек капитал көлемінің өсуімен емес, инвестициялардың қай салаға, қандай құрылымда және қандай әлеуметтік-еңбек қайтарымымен бағытталатынымен бағалануы тиіс екенін білдіреді.

Талқылау. Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасында инвестициялық белсенділіктің өсуі мен еңбек нарығы көрсеткіштерінің жақсаруы арасында белгілі бір оң байланыс бар екенін көрсетеді. Алайда бұл байланыс тікелей, жоғары қарқынды және пропорционалды сипатта емес. Зерттеу барысында анықталғандай, 2021–2025 жылдары негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 71,7%-ға артқанымен, жұмыспен қамтылған халық саны небәрі 5,6%-ға ғана өсті, ал жұмыссыздық деңгейі 0,3 пайыздық тармаққа төмендеді. Бұл инвестициялық серпіннің еңбек нарығына толық көлемде берілмегенін және оның әлеуметтік-еңбек қайтарымы шектеулі болғанын білдіреді.

Жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты эластикалылығының 0,078 деңгейінде қалыптасуы зерттеудің маңызды аналитикалық нәтижелерінің бірі болып табылады. Бұл көрсеткіш инвестициялар 1%-ға артқан жағдайда жұмыспен қамту шамамен 0,08%-ға ғана өзгергенін білдіреді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, мұндай төмен икемділік Қазақстан экономикасында инвестициялық өсімнің көбіне өндірістік қуаттарды кеңейтуге, материалдық инфрақұрылымды дамытуға және капиталдық активтерді ұлғайтуға бағытталғанын, ал жаңа жұмыс орындарын ауқымды түрде қалыптастыру әсерінің әлсіз екенін көрсетеді. Демек, инвестициялық үдерістер еңбек нарығына ықпал еткенімен, бұл ықпал негізінен жанама сипатта қалып, құрылымдық шектеулермен тежеледі.

Зерттеу нәтижелері инвестициялардың салалық құрылымы еңбек нарығына

ықпалдың сипатын анықтайтын негізгі факторлардың бірі екенін көрсетті. Инвестициялардың басым бөлігі өнеркәсіпке, көлік және қоймалау саласына, жылжымайтын мүлікпен операцияларға және құрылыс нысандарына бағытталған. Бұл секторлар экономикалық өсім үшін стратегиялық маңызды болғанымен, қысқа мерзімде олар еңбек сыйымдылығы жоғары салалар сияқты кең көлемде жұмыс орындарын қалыптастыра бермейді. Әсіресе тау-кен өндіру, мүліктік активтер және инфрақұрылымдық жобалар капитал сыйымдылығы жоғары сипатымен ерекшеленеді. Сондықтан олардың жұмыспен қамтуға әсері көбіне шектеулі және ұзақ мерзімді сипатта болады.

Өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялар үлесінің 10,7%-дан 12,3%-ға дейін өсуі оң үрдіс ретінде бағалануы мүмкін. Себебі өңдеу секторы капитал сыйымдылығы жоғары шикізаттық салалармен салыстырғанда жұмыспен қамтуға, технологиялық жаңаруға және қосылған құнның қалыптасуына анағұрлым жоғары ықпал етеді. Дегенмен өңдеу өнеркәсібіндегі бұл өсім жалпы инвестициялық құрылымды түбегейлі өзгерту үшін әзірге жеткіліксіз. Яғни инвестициялық саясатта белгілі бір ілгерілеу байқалғанымен, оның еңбек нарығына сезілерлік әсер етуі үшін құрылымдық ығысулардың ауқымы әлдеқайда кең болуы қажет.

Әлеуметтік және еңбек сыйымдылығы жоғары салаларға, атап айтқанда білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтер, туризм және қызмет көрсету секторларына салынған инвестициялар үлесінің төмен болуы да еңбек нарығының сапалық дамуын тежейтін маңызды фактор болып табылады. Аталған салалар жаңа жұмыс орындарын құру, адами капиталды жетілдіру және өңірлік теңгерімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету тұрғысынан аса маңызды. Сондықтан бұл бағыттарға инвестициялардың жеткіліксіз бөлінуі еңбек нарығының кең ауқымды сапалық жаңаруын шектейді. Осы тұрғыдан алғанда, инвестициялық саясаттың әлеуметтік тиімділігі экономикалық тиімділіктен бөлек қарастырылмауы тиіс.

Жалақы динамикасының нәтижелері де инвестициялық өсімнің еңбек нарығына әсерінің екіжақты сипатын көрсетті. Бір жағынан, атаулы жалақының айтарлықтай өсуі еңбек табыстарының кеңейгенін білдіреді. Екінші жағынан, нақты жалақы индексінің 2025 жылы 100%-дан төмен қалыптасуы атаулы өсімнің инфляциялық қысым әсерінен ішінара әлсірегенін көрсетеді. Бұл инвестициялар мен еңбек табыстары арасында байланыс болғанымен, оның халықтың нақты әл-ауқаты деңгейіне тікелей әрі толық әсер етпегенін аңғартады. Осыған байланысты инвестициялық саясаттың нәтижелілігін бағалауда тек атаулы жалақы өсіміне емес, нақты табыс динамикасына да міндетті түрде назар аудару қажет.

Қаржыландыру көздерінің құрылымы да еңбек нарығына ықпалдың шектеулі болуын түсіндіреді. Инвестициялардың негізгі бөлігі кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылған жағдайда инвестициялық белсенділік көбіне ірі және қаржылық орнықты субъектілердің айналасында шоғырланады. Бұл, өз кезегінде, шағын және орта бизнестің

инвестициялық мүмкіндіктерін тарылтады. Ал дәл осы шағын және орта бизнес секторы көптеген елдерде жаңа жұмыс орындарын құрудың басты көзі болып саналады. Сондықтан Қазақстан жағдайында инвестициялардың еңбек нарығына әсерін күшейту үшін қаржыландыру тетіктерін әртараптандыру, әсіресе кредиттік және институционалдық қолдауды кеңейту маңызды.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Қазақстандағы инвестициялық саясаттың тиімділігін бағалауда екі өзара байланысты өлшемді қатар қарастыру қажеттігін көрсетеді. Біріншісі - экономикалық нәтиже, яғни капитал салымдарының өсуі, өндірістік қуаттардың ұлғаюы және инфрақұрылымның дамуы. Екіншісі - әлеуметтік-еңбек нәтижесі, яғни жұмыспен қамтудың кеңеюі, жұмыссыздықтың төмендеуі, формалды еңбек қатынастарының артуы және нақты жалақының өсуі. Егер инвестициялық саясат негізінен бірінші өлшеммен ғана бағаланса, онда оның еңбек нарығы үшін нақты қайтарымы толық ашылмайды.

Сондықтан Қазақстан үшін инвестициялық саясаттың келесі кезеңі инвестициялар көлемін арттыруға ғана емес, олардың сапасы мен бағытталу құрылымын жақсартуға негізделуі тиіс. Ең алдымен, инвестициялық ағындарды өңдеу өнеркәсібіне, агроөнеркәсіптік қайта өңдеуге, көлік-логистикаға, цифрлық инфрақұрылымға, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіне, сондай-ақ шағын және орта бизнеске бағыттау қажет. Осындай құрылымдық қайта бағдарлау ғана инвестициялық белсенділіктің экономикалық өсіммен қатар еңбек нарығының сапалық дамуына, формалды жұмыспен қамтудың кеңеюіне және халықтың нақты табысының артуына ықпал етуін қамтамасыз ете алады (Kireyeva et al., 2026; OECD, 2024; Қазақстан Республикасы Президенті, 2021).

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасында инвестициялық үдерістердің еңбек нарығының дамуына ықпалы бар екенін, алайда бұл ықпалдың тікелей, пропорционалды және автоматты сипатта емес екенін көрсетті. 2021–2025 жылдар аралығындағы ресми статистикалық деректерді кешенді талдау негізінде ел экономикасында инвестициялық белсенділіктің айтарлықтай күшейгені анықталды: негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бес жыл ішінде 71,7%-ға артты. Дегенмен бұл өсім еңбек нарығында сәйкес ауқымды серпіліс тудырмады. Жұмыспен қамтылған халық саны осы кезеңде небәрі 5,6%-ға ғана өсті, ал жұмыссыздық деңгейі 4,9%-дан 4,6%-ға дейін ғана төмендеді. Бұл инвестициялық серпіннің еңбек нарығына берілу механизмі әлсіз екенін және оның әлеуметтік-еңбек қайтарымы шектеулі күйінде қалып отырғанын көрсетеді.

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі - жұмыспен қамтудың инвестицияларға қатысты эластикалылығының өте төмен деңгейде, яғни 0,078 шамасында қалыптасуы. Бұл инвестициялар 1%-ға артқан кезде жұмыспен қамту көлемі орта есеппен 0,08%-ға ғана өзгергенін білдіреді. Аталған нәтиже Қазақстан экономикасындағы инвестициялық өсімнің басым бөлігінің капитал сыйымдылығы жоғары секторларда шоғырлануымен

түсіндіріледі. Өнеркәсіп, көлік және қоймалау, жылжымайтын мүлікпен операциялар және құрылыс салалары экономикалық өсімнің материалдық базасын нығайтқанымен, қысқа мерзімде еңбек нарығында жаппай жаңа жұмыс орындарын ашуға жеткілікті деңгейде ықпал ете алмады. Сондықтан инвестициялар көлемінің өсуі мен жұмыспен қамтудың сапалық кеңеюі арасында айқын алшақтық сақталып отыр.

Сонымен қатар зерттеу инвестициялардың салалық құрылымы олардың еңбек нарығына әсерін айқындайтын шешуші фактор екенін дәлелдеді. Өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар үлесінің артуы оң үрдіс болғанымен, әлеуметтік және еңбек сыйымдылығы жоғары салаларға, атап айтқанда білім беру, денсаулық сақтау, туризм, қызмет көрсету және шағын әрі орта бизнес секторына бағытталған инвестициялар көлемі әлі де жеткіліксіз. Нәтижесінде инвестициялық белсенділік экономикалық өсімді қолдағанымен, оның халықтың нақты табысының тұрақты өсуіне, еңбек нарығының сапалық жаңаруына және өңірлік жұмыспен қамтудың теңгерімді кеңеюіне әсері шектеулі болып қалды. Мұны 2025 жылғы нақты жалақы индексінің 100%-дан төмен қалыптасуы да жанама түрде растайды.

Осыған байланысты зерттеудің негізгі ғылыми қорытындысы мынада: Қазақстан Республикасында инвестициялық саясаттың тиімділігі тек капитал салымдарының өсуімен бағаланбауы тиіс. Оның нақты нәтижелілігі инвестициялардың қандай салаларға бағытталғанына, қаншалықты еңбек өнімділігін арттыратынына, формалды жұмыспен қамтуды кеңейтетініне және халықтың нақты табысына ықпал ететініне қарай анықталуы қажет. Басқаша айтқанда, инвестициялық саясаттың экономикалық және әлеуметтік-еңбек нәтижелері қатар қарастырылған жағдайда ғана оның ұлттық даму үшін нақты тиімділігі айқындалады.

Практикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстан үшін инвестициялық саясаттың келесі кезеңі капитал көлемін ұлғайтуға ғана емес, инвестициялық ағындарды құрылымдық тұрғыдан қайта бағдарлауға негізделуі тиіс. Ең алдымен, өңдеу өнеркәсібіне, агроөнеркәсіптік қайта өңдеуге, көлік-логистика инфрақұрылымына, цифрлық экономикаға, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіне, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікке бағытталған инвестицияларды күшейту қажет. Дәл осындай құрылымдық ығысу ғана инвестициялық белсенділіктің экономикалық өсіммен қатар еңбек нарығының сапалық дамуына, нәтижелі жұмыспен қамтудың артуына, еңбек қатынастарының формалдануына және халықтың нақты әл-ауқатының жақсаруына ықпал етуін қамтамасыз ете алады (Қазақстан Республикасы Президенті, 2021).

References

Acemoglu D., Restrepo P. Automation and new tasks: How technology displaces and reinstates labor. *Journal of Economic Perspectives*. 2019;33(2):3–30. <https://doi.org/10.1257/jep.33.2.3> (in Eng.).

Autor D.H. Work of the past, work of the future. *AEA Papers and Proceedings*. 2019;109:1–32. <https://doi.org/10.1257/pandp.20191110> (in Eng.).

Curtis E.M., Garrett D.G., Ohrn E., Roberts K.A., Suárez Serrato J.C. Capital investment and labor demand. *NBER Working Paper*. 2021;(29485). <https://doi.org/10.3386/w29485> (in Eng.).

Kireyeva A., Torebekov A., Olzhebayeva G., Digel I., Nurekenova E. Regional differentiation of higher education outcomes and graduate employment: Evidence from Kazakhstan. *Problems and Perspectives in Management*. 2026;24(1):742–756. (in Eng.).

Kurmanov N.A., Kabdullina G.K., Aliyeva Zh.Zh. Development of Kazakhstan's regional labour markets in the digital economy: Factors and conditions. *Economy of Regions*. 2023;19(1):99–110. (in Eng.).

Organisation for Economic Co-operation and Development. *OECD Economic Surveys: Kazakhstan*. Paris: OECD Publishing; 2024. Available from: <https://www.oecd.org/economy/kazakhstan/> (accessed 03.04.2026). (in Eng.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Negizgi kapitalgha salynghan investitsiyalar: 2021 zhylghy qangtar-zheltoqsan* [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Investments in fixed capital: January-December 2021]. Astana; 2022. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 04.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Negizgi kapitalgha salynghan investitsiyalar: 2022 zhylghy qangtar-zheltoqsan* [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Investments in fixed capital: January-December 2022]. Astana; 2023. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 04.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Negizgi kapitalgha salynghan investitsiyalar: 2023 zhylghy qangtar-zheltoqsan* [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Investments in fixed capital: January-December 2023]. Astana; 2024. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 04.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Negizgi kapitalgha salynghan investitsiyalar: 2024 zhylghy qangtar-zheltoqsan* [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Investments in fixed capital: January-December 2024]. Astana; 2025. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 04.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Negizgi kapitalgha salynghan investitsiyalar: 2025 zhylghy qangtar-zheltoqsan* [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Investments in fixed capital: January-December 2025]. Astana; 2026. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 05.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Qazaqstan Respublikasyndagy enbek naryghynyng akhuály, 2025 zhyl* [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. The state of the labor market in the Republic of Kazakhstan, 2025]. Astana; 2026. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 05.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Qazaqstan Respublikasy qyzmetkerlerinin sany zhane zhalaqysy, 2024 zhyl* [Strategic Planning of the Republic of Kazakhstan is the agency for reforms of the National Status Bureau. Number of employees of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan, 2024] Astana; 2025. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 05.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. *Qazaqstan Respublikasy qyzmetkerlerinin sany zhane zhalaqysy, 2025 zhylghy IV toqsan* [Strategic Planning of the Republic of Kazakhstan is the agency for reforms of the National Status Bureau. Number of employees of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan, I quarter of 2025]. Astana; 2026. Available from: <https://stat.gov.kz> (accessed 05.04.2026). (in Kaz.).

Qazaqstan Respublikasynyn 2025 zhylgha deyingi Ulttyq damu jospary: Qazaqstan Respublikasy

Prezidentinin 2021 zhylghy 15 aqbandy No. 521 Zharlyghymen bekitilgen [The National Development Plan of the Republic of Kazakhstan for 2025: the presentation of the Republic of Kazakhstan for 2021 on February 15, No. 521 was approved by the Zkharlygh. Astana]. Astana; 2021. Available from: <https://adilet.zan.kz> (accessed 03.04.2026). (in Kaz.).

Satpayeva Z., Tamenova S., Tarman B., Razakova D. Analysis of employment factors for university graduates in Kazakhstan. *Problems and Perspectives in Management*. 2024;22(2):684–697. (in Eng.).

United Nations Industrial Development Organization. *Industrial Development Report 2024*. Vienna: UNIDO; 2024. Available from: <https://www.unido.org/resources-publications> (accessed 03.04.2026). (in Eng.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 3